

Павлодар облыстық мәслихатының 2017 жылғы 25 тамыздағы "Павлодар облысындағы көші-қон процестерін реттеу қағидаларын бекіту туралы" № 142/15 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 14 маусымдағы № 351/31 шешімі. Павлодар облысының Эділет департаментінде 2019 жылғы 21 маусымда № 6441 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2023 жылғы 19 желтоқсандағы № 95/7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар облыстық мәслихатының 19.12.2023 № 95/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 мамырдағы "Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 296 қаулысына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар облыстық мәслихатының 2017 жылғы 25 тамыздағы "Павлодар облысындағы көші-қон процестерін реттеу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5625 болып тіркелген, 2017 жылғы 23 қыркүйекте "Звезда Прииртышья" және 2017 жылғы 26 қыркүйекте "Сарыарқа самалы" газеттерінде жарияланған) № 142/15 шешіміне келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Павлодар облысындағы көші-қон процестерін реттеу қағидаларында:

3-тармақта:

2) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"2) қоныс аударушыларды қабылдаудың өнірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуышыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етіletіn қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;";

келесі мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) оралмандарды қабылдаудың өнірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуышыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін оралмандардың немесе оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны.".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*C. Оразбаев*

*Б. Бексейітова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК